

МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, білім алушылардың хореографиялық, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында **2026 жылдың 05 наурыз күні «Ақ шағала» аудандық хореографиялық фестиваль-байқауы** ұйымдастырылып өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Аудандық байқауға жалпы орта, негізгі және қосымша білім беру мекемелерінің оқушылары қатыса алады.

Байқауға қатысу үшін өтінімдер №1 қосымша сәйкес abb_elzat@mail.ru электронды поштасына 2026 жылдың 04 наурызына дейін қабылданады.

Байқаудың ережесі қосымша тіркелген.

Қосымша: 3 парақта

**Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшының
міндеттерін уақытша атқарушы**



Самыл

Б.Самылтыров

Бекітемін
Т.Рысқұлов ауданының білім
бөлімінің басшының
міндеттерін уақытша атқарушы
Самыл Б.Самылтыров
«09» ақпан 2026 жыл

«Ақ шағала» аудандық хореографиялық фестиваль-байқауын өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. «Ақ шағала» аудандық хореографиялық фестиваль-байқауын (бұдан әрі – Фестиваль-байқау) өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін, форматын, өткізу және қорытынды шығару тәртібін анықтайды.

2. **Фестиваль-байқаудың мақсаты:** білім алушылардың хореографиялық, шығармашылық қабілеттерін дамыту, үйлесімді тұлғаны тәрбиелеу және әрі қарай дамыту бойынша жүйелі және мақсатты жұмысты жүргізуге жағдай жасау, рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарға тарту.

3. Фестиваль-байқаудың міндеттері:

1) білім алушыларды хореография өнеріне, тарихи мұраға, белсенді шығармашылық қызметіне тарту, әлеуметтендіру;

2) би мәдени дәстүрлерін қалпына келтіру, би мәдениетінің тарихын зерттеу;

3) балалардың бойында ұлттық мәдениетке, халық дәстүрлеріне патриотизм, құрмет және ұқыпты қарау сезімдерін тәрбиелеу;

4. Фестиваль-байқау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырысы бойынша қашықтықтан өткізіледі.

5. Қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын фестиваль-байқауының ұйымдастырушылары қалыптастырады. Фестиваль-байқауды ұйымдастырушылар Аудандық білім бөлімі және Балалар мен жасөспірімдер орталығы.

2. Фестиваль-байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі

6. Аудандық фестиваль-байқау 2026 жылдың 05 наурызында қашықтықтан өткізіледі.

7. Аудандық фестиваль-байқауға қатысу туралы мекеме басшыларының қолы қойылған өтінімдер электронды түрде 2026 жылдың 04 наурызына дейін abb_elzat@mail.ru электрондық поштасына қабылданады. 2026 жылғы 04 наурызынан кейін түскен өтінімдер қарастырылмайды.

Сұрақтар бойынша: 87754311985 - Тилеубаева Эльзат Аязқұлқызына хабарласуға болады.

Өтінімге қоса мыналар тіркеледі:

- 1) қатысушылар туралы мәліметтер (Т.А.Ә., туған жылы, сыныбы, топ жетекшісінің Т. А. Ә., жұмыс орны, лауазымы, жетекшісінің ұялы телефондары;
- 2) қатысушылардың, топ жетекшісінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.

3. Фестиваль-байқауға қатысушылар

8. Фестиваль-байқауға жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының би ұжымдары қатысады. Қатысушылардың жасы – 12 - 17 жас.

9. Қатысушылардың жалпы саны – 8 білім алушы

Ескерту : қатысушылардың жалпы саны – 8 білім алушы + 1 жетекшіден кем және аспау қажет!

10. Фестиваль-байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) халық биі және халықтық стильдегі би:

- а) әлем халықтарының билері;
- б) қазақ биі;

2) заманауи би:

- а) эстрадалық би;
- б) аралас би.

Фестиваль-байқауға қатысу үшін би ұжымдары <http://www.youtube.com> арнасында орналастырылған бейнематериалға сілтеме жібереді. Би ұжымдары әр номинацияға бір байқау нөмірін ұсынады (ұзақтығы 5 минутқа дейін).

Сапалы бейнематериал үзіліссіз тұтас бір роликпен жіберіледі. Бұрын жоғары сапада жазылған дайын бейнені үзіліссіз бір клипте пайдалануға болады. Әр түрлі қойылымдардың «кескінділері» қарастырылмайды.

Байқауға арналған бейнеролик сапалы фонограммамен жазыла отырып, кез келген сахналық алаңдарда (сахна, табиғат, концерттік алаң және т.б.) түсірілуі тиіс.

11. Бағалау критерийлері:

- Стильдердің үйлесімді ұштасуы, өзіндік ерекшелігі және үйлесімділігі;
- Композициялық шешім;
- Би қойылымы-идея;
- техника және орындау деңгейі;
- жоғары сапалы орындау
- көркемдік және сюжеттік;
- сахналық көрініс (костюм).

4. Қорытынды шығару және фестиваль-байқаудың жеңімпаздарын марапаттау.

Фестиваль-байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

Қосымша 1

**«Ақ шағала» аудандық хореографиялық фестиваль-конкурсына қатысуға
Өтінім**

| Би ұжымының атауы, youtube арнасына сілтеме | Номинация атауы, бидің аталуы | Қатысушының Т.А.Ә. | ЖСН | Қатысушының жынысы | Тұрғылықты мекенжайы, индексі, телефоны | Білім беру ұйымы, сыныбы | Жетекшінің аты-жөні, телефоны |
|---|-------------------------------|--------------------|-----|--------------------|---|--------------------------|-------------------------------|
| | | | | | | | |